

Еуразиялық экономикалық комиссияның ғылыми-зерттеу жұмыстарының 2017 – 2018 жылдарға арналған жоспары туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 16 мамырдағы № 48 өкімі.

Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 43-тармағының 13-тармақшасына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 1 қосымшаның 130-тармағына сәйкес:

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық комиссияның ғылыми-зерттеу жұмыстарының 2017 – 2018 жылдарға арналған жоспары бекітілсін және бұл туралы Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесіне хабарлансын.

2. Осы Өкім Еуразиялық экономикалық одақтың ресми сайтында жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2017 жылғы 16 мамырдағы
№ 48 өкімімен
БЕКІТІЛГЕН

Еуразиялық экономикалық комиссияның ғылыми-зерттеу жұмыстарының 2017 – 2018 жылдарға арналған ЖОСПАРЫ

ҒЗЖ тақырыбы, шифры	Орындау мерзімі
I. Өтпелі ғылыми-зерттеу жұмыстары	
Протокол және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету департаменті	
1. "Еуразиялық экономикалық комиссияның Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің және шет елдердің сарапшылық қоғамдастығымен және көпшілік саладағы бұқара қауымымен өзара іс-қимылдың тиімді коммуникативтік модельдерін әзірлеу" ҒЗЖ	2016 – 2017 жылдар
Протокол және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету департаменті бойынша барлығы – 1 ҒЗЖ	

Ақпараттық технологиялар департаменті	
1. "Еуразиялық экономикалық одақтың цифрлық кеңістігін қалыптастырудың жалпы тәсілдемелері бойынша ұсыныстар әзірлеу" ҒЗЖ	2016 – 2017 жылдар
Ақпараттық технологиялар департаменті бойынша барлығы – 1 ҒЗЖ	
Интеграцияны дамыту департаменті	
1. "Экономикалық байланыстардың жаңа жаһандық архитектурасын және Еуразиялық экономикалық интеграция үшін жаңа сын-тегеуріндері мен міндеттерін қалыптастыру талаптарында Трансатлантикалық сауда-инвестициялық және Транстынықмұхиттық сауда әріптестігінің алғышарттары мен құру механизмдерін зерттеу, жағдайын және даму перспективаларын талдау" ҒЗЖ	2016 – 2017 жылдар
Интеграцияны дамыту департаменті бойынша барлығы – 1 ҒЗЖ	
Статистика департаменті	
1. "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер халқының өмір сүру деңгейінің статистикалық көрсеткіштерін қалыптастыру әдіснамаларындағы айырмашылықтарды зерттеу және оларды біріздендіру бойынша ұсынымдар" ҒЗЖ	2016 – 2017 жылдар
Статистика департаменті бойынша барлығы – 1 ҒЗЖ	
Қаржы саясаты департаменті	
1. "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттері арасында кедендік әкелу баждарының сомасын бөлу нормативтерін анықтаудың әдіснамалық тәсілдемелері" ҒЗЖ	2016 – 2017 жылдар
Қаржы саясаты департаменті бойынша барлығы – 1 ҒЗЖ	
Макроэкономикалық саясат департаменті	
1. "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің экономикасының жағдайы мен дамуына интеграциялық ықпал нәтижелерінің, еркін сауда аймақтарын құрудың ықпал етуін кешенді талдау (CGE және МОБ жалпы тепе-теңдігі модельдері негізінде)" ҒЗЖ	2016 – 2017 жылдар
2. "Еуразиялық экономикалық одақтың интеграциялық әлеуетін іске асыру және	

интеграциялық фактордың мүше мемлекеттердің және жалпы Одақтың экономикалық дамуына үлесін бағалау үшін мониторинг жүйесін жетілдіру" ҒЗЖ	2016 – 2017 жылдар
Макроэкономикалық саясат департаменті бойынша барлығы – 2 ҒЗЖ	
Агроөнеркәсіптік саясат департаменті	
1. "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің келісілген агроөнеркәсіптік саясатын , соның ішінде мемлекетаралық кооперация және импортты алмастыру саласында дамытудың перспективалық бағыттары мен механизмдерін әзірлеу" ҒЗЖ	2016 – 2017 жылдар
2. "Әлемдік аграрлық азық-түлік нарық конъюктурасының Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің агроөнеркәсіптік кешеніне ықпалын бағалау" ҒЗЖ	2016 – 2017 жылдар
Агроөнеркәсіптік саясат департаменті бойынша барлығы – 2 ҒЗЖ	
Өнеркәсіптік саясат департаменті	
1. "Технологиялар трансферінің қалыптастыру және қаржыландыру тәртібін қамтитын Еуразиялық желісін құру тұжырымдамасын әзірлеу" ҒЗЖ	2016 – 2017 жылдар
2. "ЕАЭО өнеркәсіптік кешендері мен жалпы нарығын талдау негізінде Еуразиялық экономикалық одаққа (ЕАЭО) мүше мемлекеттердің өнеркәсіптік ынтымақтастығын дамыту есебінен импортты алмастыру міндеттерін шешу" ҒЗЖ	2016 – 2017 жылдар
3. "ЕАЭО жүйе қалыптастыратын өнеркәсіптік кәсіпорындарын талдау негізінде Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) ортақ нарығында және үшінші елдердің нарығында өнеркәсіптік тауарлардың жылжу жолында кәсіпорындардың кооперациялық ынтымақтастығын дамыту үшін тосқауылдарды жою бойынша ұсыныстар әзірлеу" ҒЗЖ	2016 – 2017 жылдар
Өнеркәсіптік саясат департаменті бойынша барлығы – 3 ҒЗЖ	
Сауда саясаты департаменті	
1. "Преференциалды сауда келісімдері шеңберінде тауарлардың шығу тегін өз бетінше декларациялау институтын ендіру перспективаларына экономикалық талдау жүргізу" ҒЗЖ	2016 – 2017 жылдар

2. "Қытай Халық Республикасымен сауданың преференциалды режиміне өтудің, соның ішінде бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Қытай Халық Республикасы арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісім жасасу бойынша келіссөздер процесін сүйемелдеу кезінде пайда мен тәуекелдерді зерттеу" ҒЗЖ	2016 – 2017 жылдар
Сауда саясаты департаменті бойынша барлығы – 2 ҒЗЖ	
Кеден заңнамасы және құқық қолдану практикасы департаменті	
1. "Сыртқы экономикалық қызметті реттеу жүйесінде "бірыңғай терезе" ұлттық механизмінің эталондық моделі демонстрациялық макетінің функционалы сипаттамасын, архитектурасын, сондай-ақ интерактивті таныстырылымын әзірлеу" ҒЗЖ	2016 – 2017 жылдар
Кеден заңнамасы және құқық қолдану практикасы департаменті бойынша барлығы – 1 ҒЗЖ	
Энергетика департаменті	
1. "Еуразиялық экономикалық одақтың, оның ішінде екіжақты еркін шарттар бойынша ортақ электр энергетикасы нарығындағы, бір тәулік бұрынғы сауда-саттықты қоса алғанда орталықтандырылған сауда-саттықтағы өзара сауда, нақты сальдо-артық тоқтың жоспардағы мәндерден сағаттық ауытқуларын реттеу механизмдері мен қағидаларын әзірлеу" ҒЗЖ	2016 – 2017 жылдар
2. "Электр энергетикасы саласындағы табиғи монополиялар субъектілері көрсететін қызметтерге қолжетімділіктің бірыңғай қағидаларын, мемлекетаралық электр тарату желілерінің өткізу қабілетін айқындау және бөлу қағидаларын әзірлеу" ҒЗЖ	2016 – 2017 жылдар
3. "Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ газ нарығын қалыптастыру бағдарламасын әзірлеу" ҒЗЖ	2016 – 2017 жылдар
4. "Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ мнау және мұнай өнімдері нарықтарын қалыптастыру бағдарламасын әзірлеу" ҒЗЖ	2016 – 2017 жылдар
Монополияға қарсы реттеу департаменті	
1. "Цифрлық экономика және электрондық коммерция саласындағы трансшекаралық	

нарықтарды талдау бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу" ҒЗЖ	2016 – 2017 жылдар
2. "Әкімшілік, экономикалық және өзге де тосқауылдар нәтижесінде трансшекаралық нарықтарда бәсекелестікті шектеу салдарларын бағалаудың әдістемелік ұсынымдарын әзірлеу" ҒЗЖ	2016 – 2017 жылдар
3. "Үздік халықаралық тәжірибені ескере отырып, Еуразиялық экономикалық одақтың тауар нарықтарында қолдануға ұсынылатын арнайы қорғау, демпингке қарсы немесе өтемақылық шараның ықпалын бағалау бойынша әдістемелік тәсілдемелерді әзірлеу" ҒЗЖ	2016 – 2017 жылдар
Монополияға қарсы реттеу департаменті бойынша барлығы – 3 ҒЗЖ	
Бәсекелестік саясаты және мемлекеттік сатып алу саласындағы саясат департаменті	
1. "Еуразиялық экономикалық одақтың және Экономикалық ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің бәсекелестік және монополияға қарсы реттеу саласындағы шарттық-құқықтық базасын салыстырмалы-құқықтық талдау" ҒЗЖ	2016 – 2017 жылдар
2. "Еуразиялық экономикалық одақтағы бәсекелес құқық" оқу-әдістемелік кешенін әзірлеу" ҒЗЖ	2016 – 2017 жылдар
Бәсекелестік саясаты және мемлекеттік сатып алу саласындағы саясат департаменті бойынша барлығы – 2 ҒЗЖ	
Ішкі нарықтардың жұмыс істеуі департаменті	
1. "Тосқауылдарды, алып қоюлар мен шектеулерді анықтау, сондай-ақ тосқауылдардың, алып қоюлар мен шектеулердің ЕАЭО ішкі нарықтарының жұмыс істеуіне, оның ішінде кәсіпорындардың тауар айналымының қарқыны мен транзакциялық шығындары бөлігінде ықпал етуін сандық бағалау мақсатында Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) ішкі нарықтары сегменттерін институционалдық талдау әдіснамасын әзірлеу және әзірленген әдіснама негізінде ЕАЭО ішкі нарығының бір сегментін пилоттық зерттеуді жүргізу" ҒЗЖ	2016 – 2017 жылдар
Ішкі нарықтардың жұмыс істеуі департаменті бойынша барлығы – 1 ҒЗЖ	
Өтпелі жұмыстар бойынша барлығы – 25 ғылыми-зерттеу жұмысы	

II. Жаңадан басталатын ғылыми-зерттеу жұмыстары	
Интеграцияны дамыту департаменті	
1. "ЕАЭО мүше мемлекеттер мен Еуразиялық экономикалық одақтың үшінші елдермен және өңірлік мегақұрылымдармен, соның ішінде құрлықтық және жаһандық интеграциялық бірлестіктердің құрылу тәжірибесі мен перспективаларын ескере отырып құрылатын ЖӨЭӨ, сондай-ақ АСЕАН, ШЫҰ және ЕО-мен экономикалық байланыстарды дамыту мүмкіндіктері мен әлеуетті әсерлерін бағалау және нұсқалары мен алгоритмдерін әзірлеу" ҒЗЖ	2017 жыл
2. "Еуразиялық экономикалық интеграцияның ЕАЭО экономикасына ықпалын және ЕАЭО мүше мемлекеттер өңірлерінің, соның ішінде шекаралас және дәстүрлі тығыз байланыстағы өңірлердің экономикалық байланыстарын талдау және осы негізде интеграция әсерлері мен Еуразиялық интеграцияның "контентті" дамыту әлеуетін кешенді бағалау" ҒЗЖ	2017 жыл
Интеграцияны дамыту департаменті бойынша барлығы – 2 ҒЗЖ	
Статистика департаменті	
1. "Шекаралық және өңіраралық өзара іс-қимыл процестерін статистикалық өлшеудің халықаралық тәжірибесі мен практикасын және оларды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде қолдану бойынша ұсынымдарды талдау" ҒЗЖ	2017 – 2018 жылдар
2. "Қаржы статистикасы саласында халықаралық статистикалық стандарттарды ендіру бойынша ұсынымдар әзірлеу" ҒЗЖ	2017 жыл
Статистика департаменті бойынша барлығы – 2 ҒЗЖ	
Ақпараттық технологиялар департаменті	
1. "Еуразиялық экономикалық одақтың цифрлық ресурстарын тиімді пайдалану бойынша ұсыныстар әзірлеу" ҒЗЖ	2017 жыл
Ақпараттық технологиялар департаменті бойынша барлығы – 1 ҒЗЖ	
Сауда саясаты департаменті	
1. "Сауда келісімдерін жасасу туралы келіссөздер бойынша Еуразиялық экономикалық одаққа әріптес елдердің сауданы реттеу жүйелерін зерттеу және	

сауда келісімдерін жасасу шеңберінде Еуразиялық экономикалық одақтың сауда-экономикалық әлеуетін дамыту үшін тосқауылдарды жою бойынша ұсыныстар әзірлеу" ҒЗЖ	2017 жыл
Сауда саясаты департаменті бойынша барлығы – 1 ҒЗЖ	
Өнеркәсіптік саясат департаменті	
1. "ЕАЭО мүше мемлекеттердің өнеркәсіпте өзара іс-қимылдарынан синергетикалық әсерді анықтау мақсатында талдау" ҒЗЖ	2017 – 2018 жылдар
2. "Қалыптастыру және қаржыландыру тәртібін қамтитын өнеркәсіптік кооперация және қосалқы контракцияның Еуразиялық желісін құру тұжырымдамасын іске асыру бойынша әдістемелі кбаза әзірлеу" ҒЗЖ	2017 жыл
Өнеркәсіптік саясат департаменті бойынша барлығы – 2 ҒЗЖ	
Санитариялық, фитосанитариялық және ветеринариялық шаралар департаменті	
1. "Адам денсаулығына арналған өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында қадағалаудың тәкеуел-бағдарлық моделі" ҒЗЖ	2017 – 2018 жылдар
2. "Адам денсаулығына тәуекел критерийлері бойынша тамақ өнімдеріндегі химиялық қосындылардың, биологиялық агенттердің құрамын гигиеналық нормативтерді белгілеу және негіздеме бойынша әдістемелік нұсқауларды әзірлеу"	2017 – 2018 жылдар
Санитариялық, фитосанитариялық және ветеринариялық шаралар департаменті бойынша барлығы – 2 ҒЗЖ	
Жаңадан басталатын жұмыстар бойынша барлығы – 10 ғылыми-зерттеу жұмыстары	
Еуразиялық экономикалық комиссия бойынша БАРЛЫҒЫ – 35	